- Құрылғыны тек қана мақсаты бойынша пайдаланыңыз. Құрылғыны осы нұсқаулықта көрсетілгеннен басқа мақсаттарда пайдалану қолдану нұсқауларының бұзылуы болып табылады.
- Аспаптың тұтынылатын қуатына арналған ұзартқышты пайдаланыңыз. Бұл талапты ұстанбау қысқа тұйықталуға немесе кабельдің тұтануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Электр қуатын беретін сымды есік немесе жылу көзіне жақын жерде тартпаңыз. Электр сымы үшкір заттарға, жиһаздың бұрыштары мен жиіктеріне тиіп тұрмауын қадағалаңыз.

 **ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:** электр қоректену кабелін кездейсоқ зақымдасаңыз, кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғының соғуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Зақымданған электр бауы сервис-орталықта жылдам ауыстыруды талап етеді.

- Пайдаланудағы үзілістер кезінде, сонымен қатар тазалау кезінде аспапты электр желісінен өшіріп отырыңыз. Адаптері емес, штепсерден ұстап тұрып, құрғақ қолмен алыңыз. Аспапты тазалау бойынша нұсқаулықтарды қатаң ұстаныңыз.
-  **Аспап тіреуіш және корпусын суға батыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**
  - Аспапты корпусынан екі қолмен ұстап тұрып тасымалдаңыз.
  - Аспапқа бөгде заттарды қоймаңыз, отырмаңыз және үстіне тұрмаңыз.
-  **Көзіңізді инфрақызыл сәулеленудің әсерінен қорғаңыз. Қашықтықтан басқару пультінің сәуле шығарғышын көзіңізге қарай бағыттамаңыз.**
  - Құралдың мотор бөлігіне бөгде заттардың түсуіне жол бермеңіз. Сорып алатын қуыстарын жаппаңыз. Ауаны сорудың бұғаты қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.
  - Құралды пайдалануға келесі жағдайларда тыйым салынады:
    - Ылғалдылығы жоғары орынжайларда. Қозғалтқыштың істен шығуы, қысқа тұйықталу қаупі бар.
    - Ашық ауа кезінде – бөгде заттардың құрылғы тұрқының ішіне түсуі немесе ылғалдануы оның келелі зақымдарына әкелуі мүмкін.
    - Улы және тез жанғыш заттардың жанында, жанар жағар май бұларының жоғары концентрациясы бар орынжайлар (сыр, еріткіш және т.с.с.) немесе жағар май шаңы. Өрт немесе жарылыс қаупі болады.

- Қызған немесе суыған күлді соруға, сондай-ақ темекінің өшпеген тұтқыларын, бықсып немесе жанып жатқан қоқысты соруға тыйым салынады.
- Кез келген сұйықты соруға тыйым салынады, сондай-ақ ылғалды беттерді – ылғалды едендер немесе кілемдерді. Ылғалдың ішкі жағына түсуі шаңсорғыштың сынуына алып келуі мүмкін.
- Көшірме жасау аппараттары мен принтерлердің картридждеріне құюға арналған (тонерлер) ұнтақтарды, ұнды және басқа да ұсақ дисперстік заттарды, сонымен қатар құрылыс шаңын, сылау бөлшектерін, гипс, бетон немесе цементті жинауға тыйым салынады. Фильтрдің қоқыстану немесе қозғалтқыштың зақымдалу қауіпі бар.
- Аспаптың көмегімен үшкір заттарды жинауға тыйым салынады: шегелер, ұрғыш шынылар және т.б. Шаң жинағыштардың және фильтрлердің зақымдалуы мүмкін.
- Аспапты жиһазды тазалау үшін пайдалануға тыйым салынған. Жұмсақ тегіс емес бетте пайдалану немесе жиһаз бұйымынан құлауы аспаптың дұрыс жұмыс жасамауына немесе сынуына әкелуі мүмкін. Аспапты ұзын түгі бар кілемде пайдалануға ұсынылмайды (ұзақ 1 см).
- Аспапты тым ашық немесе тым қошқыл беттерді, едендер мен күрделі, ала-құла өрнегі бар едендік жабындарды тазалау үшін пайдаланбаңыз, өйткені бұл аспап датчиктерінің қате жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін, бұл ақаулық болып табылмайтын болады.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) қолдануына арналмаған, мұндай тұлғалар қадағаланып, олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға осы аспапты қолдануға қатысты нұсқау жасалған жағдайлардан басқа. Балалардың аспаппен, оның жинақтаушыларымен, сонымен қатар зауыттық орамымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалап отыру қажет. Құрылғыны тазалау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жасамауы тиіс.
- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

STOP

**НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ!** Аспапты кез келген ақауларда пайдалануға тыйым салынады.

**Техникалық сипаттамалары**

Үлгі.....	VR1323S
Аспаптың типі.....	шаңсорғыш-робот
Қуаты.....	45 Вт
Өзін-өзі босату зарядтау станциясы қуаты.....	1000 Вт
Аккумулятордың түрі.....	Li-ion
Аккумулятордың кернеуі.....	14,4 В ===
Аккумулятордың сыйымдылығы.....	5200 мА*ч
Желілік адаптердің кіріс кернеуі.....	220–240 В-, 50/60 Гц
Желілік адаптердің шығыс кернеуі.....	19 В ==-, 1,2 А
Тоқтан күйіп қалудан қорғау.....	II дәреже
Сору қуаты.....	600/1500/2500/4000 Па
Станциясы сору қуаты.....	30 кПа
Сүзгіштің класы.....	HEPA
Тұрқының материалы.....	пластик
Шаңға арналған контейнердің сыйымдылығы:	
• қоқыс үшін бөлім – 300 мл	• сү үшін бөлім – 300 мл
Шаң қапшығының көлемі.....	3 л
Шаңсорғыш-робот шу деңгейі.....	<73 дБ
Зарядтау станциясы жұмыс істеген кездегі шу деңгейі.....	<80 дБ
Тоқтаусыз жұмыс уақыты.....	250 мин дейін
Толық қуаттандыру уақыты.....	5 сағ
Жұмыс режимдерінің саны.....	4
ҚБ пульті.....	бар
ҚБ пультінің қоректену көзі.....	2 × LRO3 (AAA)
Индикациясы.....	светодиодтік, дыбысты
Баспалдақтар/кедергілерді анықтау датчигі.....	19
Зарядтау станциясына қайта оралу.....	автоматты
Автоөшірілу.....	қабаттан алған жағдайда
Жинауды жоспарлау функциясы.....	бар
Өзін-өзі тазарту функциясы.....	бар
Ылғалды жинау мүмкіндігі.....	бар
Биіктігі 20 мм-ге дейінгі кедергілерді жеңу.....	бар
Габаритті өлшемдер (ені × биіктігі × ұзындығы).....	349 × 100 × 350 мм
Станциясы габаритті өлшемдер (ені × биіктігі × ұзындығы).....	520 × 280 × 185 мм
Таза салмақ.....	7 кг
<b>Жиынтық</b>	
Шаңсорғыш-робот.....	1 дана
Өзін-өзі босату зарядтау станциясы.....	1 дана
Электрқуатының шнуры.....	1 дана
ҚБ пульті.....	1 дана
Айналатын щетка.....	2 дана














Ылғалды жинауға арналған контейнер.....	1 дана
Ылғалды жинауға арналған саптама негізі.....	1 дана
Ылғалды тазалауға арналған саптама.....	2 дана
Зарядтау және өзін-өзі тазалау станциясына арналған сөмке.....	2 дана
Шығаратын HEPA-сүзгісі.....	2 дана
Тазалауға арналған қылшақ.....	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	1 дана
Сервисті кітапша.....	1 дана

Өндіруші келесі өзгерістер туралы қосымша хабарландырусыз өз өнімдерін жетілдіру барысында дизайнға, жинақталуға, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда ±10% қателікке жол беріледі.

**Моделінің қондырғысы (А1) сурет, 3–4 бет)****Шаңсорғыш-робот**

- Алдыңғы бампер
- ☺ батырмасы – құралды қосу/ажырату, тазалау басталуы/аяқталуы
- ☺ батырмасы – зарядтау станциясына қайтару, желіге қосылу
- Жарық индикаторы
- Лидар
- Алдыңғы дөңгелек
- Айналатын щетка
- Қабаттан ажыратқан кездегі автоөшірілу механизмімен жаңғы дөңгелектер
- Турбоқылшық
- Турбоқылшықтың бекіткіш қақпақшасы
- Шаңға арналған контейнер
- Шаң жинағыш контейнерді алып шығудың батырмасы
- Reset батырмасы – зауыттық параметрлерді қалпына келтіру
- Зарядтау станциясына орнату үшін байланыстар
- ИК-сенсорлары
- Бетті анықтау сенсоры
- Суды құюға арналған саңылау
- Шаңға арналған контейнер қақпағы
- Алдын ала тазарту сүзгіші
- Поролон сүзгі
- HEPA-сүзгі
- Тазалауға арналған қылшақ
- Ылғалды жинауға арналған саптама негізі
- Ылғалды жинауға арналған саптама

**ҚБ пульті**

25. ҚБ пульті
26.  батырмасы – құралды қосу/ажырату
27.  батырмасы – зарядтау станциясына қайтару,
28. **AUTO** батырмасы – автоматты тәртіптеме
29.  батырмасы – тіркелген аймақты тазалау
30.  батырмасы – желіге қосылу
31.  батырмасы – тазалау басталуы/аяқталуы
32. , , ,  батырмасы – қозғалыс бағытын таңдау
33.  батырмасы – сору қуатын таңдау
34. ,  батырмасы – сумен жабдықтау деңгейін таңдау
35.  батырмасы – дауыстық хабарларды қосу/өшіру
36. Қоректену элементіне арналған бөлім

**Өзін-өзі босату зарядтау станциясы**

37. Станцияның корпусы
38. Зарядтау станциясының индикаторы
39. Робот шаңсорғышты зарядтауға арналған контактілер
40. Сорғыш саңылау
41. Станцияның қақпағы
42. Шаң қапшығын орнатуға арналған бөлік
43. Жаң жинағыштың тілімшесіне арналған бағыттауыштар
44. Сорғыш түтіктің тесігі
45. Ауа фильтрі
46. Шаң қапшығы
47. Шаң жинағыштың тілімшесі
48. Желі бауын қосуға арналған жалғағыш
49. Электрқуатының шнуры

**Аксессуарлар**

50. Зарядтау және өзін-өзі тазарту станциясына арналған ауыстыру сөмкесі
51. Ауыстырмалы ылғалды тазалауға арналған саптама
52. Ауыстырмалы HEPA-сүзгі
53. Ауыстырмалы щеткалар

**I. АЛҒАШҚЫ ҚОСАР АЛДЫНДА**

Бұйымды орамынан шығарып, барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырма-ларды алып тастаңыз.



*Корпусағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!*

*Тасымалдаған немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағат бөлме температурасында ұстау қажет.*

Құралдың корпусын ылғалды матамен сүртіңіз де құрғатыңыз.  
Кереғарлықты сақтай отыра, қашықтықтан басқару пультіне қоректендіру элементтерін (жиынтыққа кірмейді) орнатыңыз.



*Қоректендіру элементтерін орнату кезінде қолдарыңыз және құрылғы құрғақ болуы тиіс.*

**II. ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ****Аспапты жинау (A2 сурет, 5 бет)**

*Аспапты жинауға кірісер алдында, құрылғы өшірілі а зарядтау станциясы электрмен қоректендіру желісінен сөндірілгеніне*

Корпус пен алдыңғы бампер арасындағы қорғаныс ендірмені алып тастаңыз, айналатын щетканы орнына қойыңыз.

Шаң жинағышты зарядтау мен өздігінен тазалану станциясына орнатыңыз: шаң жинағыштың тілімшесін бағыттауыштармен тірелгенше енгізіңіз, шаң жинағышты ішінде біркелкі жай-ғастырыңыз және станцияның қақпағын жабыңыз.


**Аккумуляторды зарядтау (A2 сурет, 5 бет)**

Аспапты пайдаланар алдында аккумулятордың батареясын толықтау қуатсыздандыру қажет.

1. Зарядтаудың және өздігінен тазаланудың станциясын электр желісіне қосыңыз және оны қабырғаға тіреп орнатыңыз, зарядтау станциясының индикаторы жанады. Егер тура қабырғаның жанында орнату мүмкін болмаса, станцияны кез келген тегіс қатты бетке орнатыңыз. Станцияның желілік баусымын ол робот шаңсорғыштың жолында болмайтынды етіп алып қойыңыз. Робот шаңсорғыштың қосымша зарядталуға станцияға кедергісіз қайта оралуын қамтамасыз ету үшін зарядтау станциясынан екі метр радиусында кез келген кедергілер болмауы керек.



*Зарядтау станциясын кілемді жабындарға және баспалдақтың жанында орнатпаңыз.*

2. Құрылғыны қосу үшін,  батырмасын басып ұстап тұрыңыз құрылғының корпусында немесе қашықтан басқару пультіңде жарық индикаторы жыпылықтай бастағанша. Дауыстық хабарлама шығады «Вас приветствует робот-пылесос РЕДМОНД».
3. Жарық индикаторы үнемі жанғанша және дауыстық хабар шыққанша күтіңіз индикаторы «Я готов к работе». Құрылғы күту режимінде.



*Шаң контейнері орнатылмаған болса, құрылғы жұмыс істемейді немесе зарядталмайды, «Контейнер-пылесборник извлечен» деген дыбыстық хабарлама естіледі.*



4. Аспапты зарядтау станциясына аспап корпусының төменгі жағындағы контактілер зарядтау станциясының контактілерімен сәйкес келетіндей орнатыңыз. «Начинаю заряжаться» деген дыбыстық хабарлама естіледі, жарық индикаторы жыпылықтай бастайды.
5. Аккумулятордың толық зарядталу уақыты 5 сағат. Құрылғы толығымен зарядталғаннан кейін жарық индикаторы үнемі жанып тұрады.



*Алғаш рет пайдаланар алдында аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны 12 сағат бойы зарядтауға кеңес беріледі.*

*Аспаптың үзіліссіз жұмыс істеуінің максималды уақыты едендік жабын мен тазалау аймағындағы жиһаздың орналасуына байланысты 250 минут құрайды.*



**HAZARAU DAPYHЫЗ!** Аспаппен дұрыс байланыс үшін өзін-өзі босату зарядтау станциясы электр желісіне қосылып тұруы керек.

*Аккумулятор зарядының деңгейі сыни деңгейге дейін түскенде, аспап автоматты түрде зарядтау станциясына қайта оралады. Егер қандай да бір себептермен станцияға қайта орала алмай қалса және заряды толық таусылса, дауыстық хабарлама шығады «Низкий заряд батареи, отключайтесь». Аспапты станцияға қолмен апарып қойыңыз және аспап пен зарядтау станциясының контактілері сәйкесетіндей орнатыңыз.*

*Ұзақ сақтар алдында аспап аккумуляторын толығымен зарядтау ұсынылады.*

### REDMOND Home қосымшасы арқылы құрылғыны қашықтан басқару

REDMOND Home қосымшасы смартфон немесе планшет арқылы құрылғыны қашықтан жақын жерде бақылауға мүмкіндік береді.



*Қосымшаға қосылу үшін аспап Wi-Fi (2,4 ГГц) желісінң әрекет ету аймағында болуы тиіс. Шаңсорғыш зарядтау станциясында болмауы керек.*

1. Өзіңіздің смартфон немесе планшетіңізге REDMOND Home қосымшасын App Store немесе Google Play қосымша магазиндерінен жүктеуге болады (пайдаланылатын құрылғының операциялық жүйесіне байланысты).



*Минималды қолдалатын операциялық жүйені компанияның [www.redmond.com](http://www.redmond.com) ресми сайтында немесе App Store және Google Play дүкендеріндегі қосымшаның сипаттамасынан анықтаңыз.*

2. REDMOND Home қосымшасын іске қосыңыз, аккаунтты жасаңыз және экрандағы көмекші сөздерді орындап отырыңыз.
3. Құрылғыны қосу үшін жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» белгішесін түртіңіз.
4. Егер құрылғы автоматты түрде қосылмаса, оны қолмен таңдаңыз («Робот-пылесос VR1323S»).
5. Қосылымды орнату үшін құрылғының корпусындағы түймені немесе ҚБ пультіндегі түймені дауыстық хабар шыққанша басып тұрыңыз «Готов к подключению к сети».
6. Мобильді құрылғыны «SmartLife-XXXX» желісіне қосыңыз. Қосылу кезінде дауыстық хабарлама шығады «Подключаюсь».

7. Сәтті байланыс болған жағдайда «Соединение с сетью успешно установлено» деген дауыстық хабарлама шығады және робот-шаңсорғыш қол жетімді құрылғылар тізімінде пайда болады.

Енді сіз аспапты қашықтықтан басқара аласыз. ҚБ пультімен салыстырғанда, қосымша функционалы кеңейтілген.

### Аспапты пайдалану

Тазалауды бастар алдында еденнен барлық сымдарды, сөмкелерді, аяқ киімді, балалардың ойыншықтарын және аспап қозғалуына кедергі жасай алатын немесе ол тазалау барысында кенет бүлдіріп немесе төңкеріп алатын басқа заттарды жинаңыз. Робот шаңсорғышқа үй-жайдың ішінде кедергісіз қозғалуын қамтамасыз ету үшін орындықтарды, шымылдықтарды, перделерді көтеріп қойыңыз. Егер аспап пайдаланылатын үй-жайда сығиш, оңай қирайтын заттар бар болса немесе майшамдар жанып тұрса, олар еденде тұрмағанына немесе аспап тазалау барысында кенет төңкеріп алатын жиһаздарға орнатылмағанына көз жеткізіңіз (A3 сұлбаны қар., 6-бет).

1. Керек болған жағдайда контейнерді қақпақты алдын ала көтеріп, арнайы тесік арқылы толтырыңыз (A4 сұлбаны қар., 7-бет). Алғашқы пайдаланар алдында ылғалды тазалауға арналған қондырманы шайыңыз және сығыңыз – осылай ол ылғалды тазалауға арналған контейнерден берілетін суды жақсырақ сіңіреді. Жабысқақ арқылы ылғалды жинауға арналған саптаманы бекітіңіз, негізді шаң жинағыш контейнердің түбіне орнатыңыз. Біріктірілген контейнерді шаңсорғыш-жұмыс корпусына құрыңыз.



*Дымқыл жиыстыруға арналған саптаманы (тіпті құрғақ күйінде де!) кілем төлемдерінде пайдаланбаңыз – ол шаңсорғыштың қозғалуына кедергі келтіреді.*

*Контейнерді тек сүзілген құбырымен толтырыңыз, суға қоспаңыз және дозаторлардың ластануын болдырмау үшін химиялық жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.*







*Ылғалды тазалаудан кейін аралас контейнерді пайдаланғаннан кейін, ағып кетулерге жол бермеу үшін, одан суды ылғи ағызыңыз.*

2. Аспаптың корпусында түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі **AUTO** түймесін басыңыз, «Начинаю уборку» деген дыбыстық хабарлама естіледі, автоматты режимде жұмысты бастайды. Құрылғыны жергілікті тазалау режимінде қосу үшін түймесін басыңыз, «Начинаю локальную уборку» деген дыбыстық хабарлама естіледі.





*Егер тазалау барысында сіз аспапты басқа үй-жайға орналастырып, тазалауды қайта іске қосатын болсаңыз, «Потеря данных, идет восстановление карты» деген дауыстық хабарлама естіледі, аспап жаңа үй-жайды тазала бастайды.*

3. Қажет болған жағдайда жұмыс тәртіптемесін өзгертіңіз («ҚБ пульті арқылы жұмыс режимін таңдау» бөлімін қараңыз).
4. Сору қуатын көбейту немесе азайту үшін, ҚБ пультіндегі батырманы басыңыз, ауыстыру шеңбер бойымен жүреді.
5. ҚБ пультіндегі және түймені пайдалану судың берілу қарқындылығын орнатыңыз.

6. Күту режиміне көшу үшін аспаптағы  батырманы немесе ҚБ пультіндегі  батырманы басыңыз. «Уборка приостановлена» деген дыбыстық хабарамалар естіледі. Күту режимінде тазалау жұмысы жасалмайды. Тазалауды жалғастыру үшін аспап корпусындағы  батырманы немесе ҚБ пультіндегі  немесе **AUTO** батырманы басыңыз, «Продолжаю уборку» деген дыбыстық хабарамалар естіледі.


**i** Ұзақ уақыт бойы белсенді болмаса, құрылғы автоматты түрде ұйқы режиміне өтеді, денедегі барлық көрсеткіштер өшеді. Ұйқы режимінен шығу үшін құрылғы корпусындағы немесе қашықтан басқару пультіндегі кез келген түймені басыңыз, жарық индикаторы жанады. «Я проснулся» деген дыбыстық хабарамалар естіледі.

7. Жұмыстар аяқталғаннан кейін «Уборка завершена, возвращаюся на базу» деген дыбыстық хабарлама естіледі, аспап өзін-өзі босату зарядтау станциясына қайтады.

**i** **Аспапты зарядтау станциясына мәжбүрлеп қайтару үшін сіз сондай-ақ ҚБ пультіндегі  батырмасын немесе аспап корпусындағы  батырмасын баса аласыз. «Возвращаюся на базу для зарядки» деген дыбыстық хабарлама естіледі.**

8. Құрылғы станцияға оралғанда «Идет автоматическая очистка контейнера-пылесборника» деген дыбыстық хабарамалар естіледі, шаң контейнерін тазалау процесі басталады, жарық индикаторы жыпылықтай бастайды. Контейнерді тазалау процесі аяқталғаннан кейін «Автоматическая очистка контейнера-пылесборника завершена» және «Зарядка» деген дыбыстық хабарлама естіледі, жарық индикаторы үнемі жанып тұрады.


**!** Шаң контейнерін автоматты түрде тазалау үшін зарядтау және өзін-өзі тазалау станциясында шаң жинағыш қап орнатылып, станцияның қақпағы жабық болуы керек.



9. Құрылғыны өшіру үшін  батырмасын басып ұстап тұрыңыз құрылғының корпусында немесе қашықтан басқару пультінде, «Выключаюся» деген дыбыстық хабарлама естіледі, жарық индикаторы сөнеді. Құрылғы түймені басуға жауап бермейді.


**!** Құрылғы зарядтау және өзін-өзі тазалау станциясында орнатылған болса ішпеліңіз, «Для выключения питания снимите пылесос с базы» деген дыбыстық хабарлама естіледі.

### ҚБ пульті арқылы жұмыс режимін таңдау

Күту режиміндегі қашықтан басқару құралындағы түймелермен немесе құрылғы зарядтау және өзін-өзі тазалау станциясында болғанда режимдерін таңдауға болады:

- **AUTO** батырмасы – автоматтық режимі;
-  батырмасы – тіркелген аймақты тазалау.


	<p>Аспап бөлменің ерекшеліктеріне сәйкес маршрутты құрастыра отырып, барлық алаңды кезектеп тазалайды. Аспап ең алдымен ұйжайды периметр жиектері бойынша тазалайды, содан кейін zig-zag қозғалыстарымен тазартады қалған бөлігі</p>	<p>Автоматты тәртіптемеде жұмыс жасауды жылдам іске қосу үшін, аспаптың корпусындағы  пернесін басыңыз</p>
--	--	---

	<p>Тіркелген аймақты тазалау</p>	<p>Тіркелген аймақты жылдам тазалау 1,6 × 1,6 м. Әсіресе шаң басқан жерді жиыстыру үшін</p>
--	----------------------------------	---

### Қолмен басқару режимі

Кез келген батырмаға басқанда аспап қозғалуының бағыты қолмен басқару режиміне көшеді:

- ▲ – тік қозғалу. Сіз пернені басып ұстап тұрған кезде аспап тіке қозғалатын болады;
- ◀ – солға бұрылыс. Сіз пернені басып ұстап тұрған кезде аспап өз осімен солға қарай қозғалады;
- ▶ – оңға бұрылыс. Сіз пернені басып ұстап тұрған кезде аспап өз осімен оңға қарай қозғалады;
- ▼ – артқа қозғалу. Сіз пернені басып ұстап тұрған кезде аспап артқа қозғалады.

Қолмен басқару режимінен шығу үшін ҚБ пультіндегі **AUTO** немесе  батырмасын басыңыз. Сондай-ақ сіз 10 секунд ішінде батырмаларға баспасаңыз, аспап қолмен басқару режимінен шығады.

### Жинауды жоспарлау функциясы

Функция REDMOND Home қосымшасында қолжетімді.

### Дауыстық хабарлар

Дауыстық хабарламаларды қосу/өшіру үшін  түймесін басыңыз.

## III. АСПАП КҮТІМІ

**!** Жұмыстың барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін аспапты екі аптада бір рет толық тазалау ұсынылады. Шаң жинағышты әрбір қолданғаннан кейін тазалаңыз. Аспаптың барлық элементтерін пайдаланар алдында мұқият келтіріп алу қажет!

Құрылғыны тазаламас бұрын оның өшірілгеніне және зарядтау станциясының электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Аспаптың корпусын және өзін-өзі босату зарядтау станциясын дымқыл жұмсақ матамен сүртіңіз. СУЛАМАҢЫЗ!

**STOP** Аспаптың корпусын судың астына немесе суға салуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Аспапты тазалау кезінде абразивтік және химиялық агрессивтік заттарды, қатты жабындыларымен сорғыштарды пайдаланбаңыздар.

Аспаптың щеткесі және ылғалды жинауға арналған саптамалар ағынды суда тазартыла алады. Керек болған жағдайда құрғақ жуғыш заттарды қолдануға болады. Щеткелерді тазалау тәртібін **A5** схемасынан қар (8 бет). Ылғалды жинауға арналған саптамалар тазалау тәртібін **A4** схемасынан қар (7 бет).

Шаң жинағын контейнерді және ылғал тазалауға арналған аралас контейнерді ылғал жұмсақ матамен тазалаңыз. Шаңжинағышты және шығабірістері НЕРА-сүзгісін тазалау тәртібін **A4** сұлбасында (7 бет) қараңыз.

**STOP** Шаңжинағыш және ылғалды жинауға арналған контейнер жұмаңыз – бұл оны істен шығаруы мүмкін.

**!** Аспаптың қозғалатын бөліктерін ластанудың болуына мезгіл-мезгіл тексеріңіз, жабысқақ қоқыспен бұғаттау олардың сынуына әкелуі мүмкін!

Зарядтау және өздігінен тазалану станциясындағы шаң жинағышты ауыстыру тәртібін **A6** сызбадан, (9 бет) қараңыз.

НЕРА-фильтрін ауыстыру тәртібін **A7** схемасынан қар (10 бет).

**STOP** Шығатын НЕРА-сүзгіні жұмаңыз – бұл оны істен шығаруы мүмкін.

НЕРА-сүзгі жұмысының ресурсы 12 айдан басқа жоқ уақытты құрайды.

Аккумулятор ауыстыруды **A8** сызбасын қараңыз (11 бет).

Аккумулятордың тиімді қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін ауыстыруды қажет етеді.

**STOP** Аккумулятор қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Қоршаған ортаға қамқорлық білдіріңіз: мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.

## Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшыртуға тыйым салынады.


Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

## IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

Ақаулық	Мүмкін болатын себептері	Жою әдістері
Аспап «Низкий заряд батареи, требуется перезарядка», «Низкий заряд батареи, попробуйте позже» немесе «Низкий заряд батареи, отключаюсь» деген дыбыстық хабарлама береді	Аспап аккумуляторының заряды таусылды	Аккумуляторды толығымен зарядтаңыз («Аккумуляторды зарядтау» бөлімін қараңыз)

Ақаулық	Мүмкін болатын себептері	Жою әдістері
Орнатылған уақытта тазарту жүргізілмейді	Құрылғы өшірілді	Цаптырмасын басып ұстап тұрыңыз құрылғының корпусында немесе қашықтан басқару пултіңде
Аккумулятор тез таусылады	Сүзгілер, негізгі қылшақ, айналатын щеткалар	Қоқыстарды алып тастаңыз, құралды тазартыңыз («Аспаптың күтімі» құралды тазартуды жүргізіңіз)
Аспап аккумулятор зарядталмайды	Аспап зарядтау станциясына дұрыс орнатылмаған	Аспапты зарядтау станциясына – аспап корпусының төменгі бөлігіндегі түйіспелер зарядтау станциясындағы түйіспелермен сәйкес келетіндей етіп орнатыңыз
	Электрлік розетка жұмыс істемейд	Құралды жұмыс істеп тұрған розеткаға қосыңыз
	Зарядтау және өздігінен тазалану станциясының электр баусымы электр желіге қосылмаған	Желілік баусымының дұрыс қосылуын тексеріңіз
Аспап «Для начала уборки установите контейнер-пылесборник», «Отсутствует контейнер-пылесборник», «Проверьте контейнер-пылесборник» немесе «Правильно установите контейнер-пылесборник», жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Шаң контейнері орнатылмаған немесе дұрыс орнатылмаған	Шаң контейнерінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз
Аспап «Очистите контейнер-пылесборник» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Шаң контейнері толған	Құралды тазартыңыз («Аспаптың күтімі» құралды тазартуды жүргізіңіз)
Аспап «Не могу найти базу, зарядка невозможна» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Зарядтау және өздігінен тазалану станциясы сөндірілі	Зарядтау станциясын іске қосыңыз және, аспап корпусының төменгі бөлігіндегі түйіспелер зарядтау станциясындағы түйіспелер қысығатындай етіп, оған аспапты орнатыңыз
Аспап «Перед запуском влажной уборки убедитесь, что робот установлен вдали от ковров» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Ылғалды жинауға арналған саптама кілемдерді тазалау үшін қолданылды	Ылғалды жинауға арналған саптама алыңыз немесе робот шаңсорғышты кілемнен алыс қойыңыз
Аспап «Не вижу пол, уборка остановлена» немесе «Поместите пылесос на ровную поверхность и перезапустите» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Доңғалақтар бетінен үзілді	Құралды тегіс бетке орнатыңыз және қайтадан қосыңыз
	Бетті анықтау сенсоры ластанған	Сенсорды мақта тампонымен тазаланыз
Аспап «Турбощетка заблокирована, проверьте ее» немесе «Ошибка турбощетки» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Қылшақтар жабысып қалған қоқыспен ластанған	Щеткаларын тексеріңіз, жабысқан қоқыс жойыңыз («Аспап күтімі» бөлімін қараңыз)

Ақаулық	Мүмкін болатын себептері	Жою әдістері
Аспап «Боковая щетка заблокирована, проверьте ее» немесе «Ошибка боковой щетки» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Қылшақтар жабысып қалған қоқыспен ластанған	Щеткаларын тексеріңіз, жабысқан қоқыс жойыңыз («Аспап күтімі» бөлімін қараңыз)
Аспап «Бампер заблокировано, проверьте его» немесе «Уберите препятствие и перезапустите пылесос» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Алдыңғы бампер қатесі, аспаптың қозғалысы бұғатталған	Аспапқа жол бөгет жасамаңыз, аспапты тым тығыз кеңістікте пайдаланбаңыз
Аспап «Колесо заблокировано, проверьте его» немесе «Ошибка колеса» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Доңғалақтардың айналуы қиын, аспап кептеліп қалды	Аспаптың дөңгелектерін тексеріңіз, аспаптарға қыспаныз, аспаптарға бірдеңе қоймаңыз
Аспап «Требуется проверка лидара», «Лидар засорен», «Лидар заблокирован» немесе «Ошибка лидара» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Аспаптың лидары лас	Лидар датчиктерін дымқыл жұмсақ матамен сүртіп алыңыз
Аспап «Очистите передний датчик», «Очистите правый инфракрасный датчик», «Ошибка сенсора, уборка остановлена», «Ошибка сенсора, зарядка остановлена» немесе «Очистите нижние сенсоры и переместите пылесос на новое место» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Аспаптың датчиктері ластанған	Аспаптың түбін ылғалды матамен сүртіңіз
Аспап «Требуется проверка мотора» немесе «Ошибка двигателя» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Мотордың шамадан тыс жүктелуі	Құрылғыны өшіріп, оны толығымен суытыңыз. Шаң жәшігін және сүзгілерді тазалаңыз
Аспап «Неисправность насоса для подачи воды» деген дыбыстық хабарлама береді, жарық индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды	Шаң контейнерінің түбіндегі су шығатын тесіктер бітеліп қалған	Шаң контейнерінің төменгі жағында орналасқан тесіктерді тазалаңыз
Аспап «Переустановите соединение с сетью» немесе «Соединение не удалось, попробуйте еще раз» деген дыбыстық хабарлама береді	Wi-Fi желісі бойынша қосылыс жоқ	Wi-Fi желісі жұмысының дұрыстығын тексеріңіз
Аспап «Обновление не удалось» деген дыбыстық хабарлама береді	Ұялы құрылғыда ғаламтор өшіп тұр	Ұялы құрылғыда ғаламтор қосыңыз
Синхронизациялау әрекеті сәтсіз болды	Құрылғыны қайта қосу қажет	Reset түймені басып тұрыңыз, синхрондау, желі және тазалау режимі қалпына келтіріледі. Егер бұл көмектеспесе, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз

Ақаулық	Мүмкін болатын себептері	Жою әдістері
Құрал қатты шу шығарады	Шаң жинағыш-контейнері толып кеткен	Шаң жинағыш-контейнерді тазалаңыз
	Сору қуаты максимумға орнатылды	Сору қуатын  батырмасының немесе қосымшадағы баптаулардың көмегімен өзгертіңіз
Аспап жұмыс істейді, бірақ ҚБ пультінің пермендеріне жауап бермейді	ҚБ пультідегі ИК-сигнал шаңсорғышқа жетпейді	ҚБ пульті мен аспаптың арасындағы қашықтық тым үлкен
	Аспаптың ИК-қабылдағышы басқа жаққа бұрылған немесе сигналдың жолында кедергілер кездесуде	ҚБ пульті мен аспаптың арасындағы қашықтықты қысқартыңыз
	Құрылғыны қайта қосу қажет	Reset түймені басып тұрыңыз, синхрондау, желі және тазалау режимі қалпына келтіріледі. Егер бұл көмектеспесе, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
Аспап жинастыруға кіреспейді немесе дұрыс қозғалмайды	Коректендіру элементтерінің ыдысы таусылған	«Алғашқы қосар алдында» бөліміне сәйкес коректендіру элементтерін ауыстырыңыз
	Шаңсорғыш тым қарақоңыр жабын жинастыруын орындайды	Үй-жайға жарық күн сәулесінің түсуіне жол бермеу үшін пердені жауып қойыңыз. Жинастыруды неғұрлым төмен жарықтандыруда жүргізіңіз
	Шаңсорғыш жарықты қатты шағылыстыратын жабын жинастыруын орындайды	Шаң жинағыш-контейнерді тазалаңыз
Зарядтау мен өздігінен тазалану станциясының индикаторы қызыл түспен баяу жыпылықтайды	Құрылғыны қайта қосу қажет	Reset түймені басып тұрыңыз, синхрондау, желі және тазалау режимі қалпына келтіріледі. Егер бұл көмектеспесе, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
	Шаң жинағыш орнатылмаған немесе қате орнатылған	Шаң жинағыштың дұрыс орнатылуын тексеріңіз
Аспап «Мешок для мусора заполнен, замените его» деген дыбыстық хабарлама береді	REDMOND Home қолданбасында шаң жинағыш контейнерді автоматты түрде тазалау өшірілді	REDMOND Home қолданбасының параметрлерін тексеріңіз
Аспап «Мешок для мусора заполнен, замените его» деген дыбыстық хабарлама береді	Шаң қапшығы толы	Зарядтау және өзін-өзі тазалау станциясындағы шаң дорбасын ауыстырыңыз
Өздігінен тазалану станциясы аспаптың шаі жинағыш контейнерін босатпайды	Шаң жинағыш контейнердің сорғыш тесігі жұнмен немесе шашпен бітеліп қалған	Шаң жинағыш контейнердің сорғыш тесігін қолмен тазалаңыз

**i** Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Кепілдіктен кейінгі жөндеуге арналған қосалқы бөлше имктерді табуға болады сайт <https://redmondsale.com>

## V. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Осы бұйымға сатып алынған сәттен 12 ай мерзіміне кепілдік беріледі. Кепілдік кезеңі ішінде дайындаушы жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе барлық бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (сүзгілер, аккумуляторлық қоректену көздеріне және т. б.).

Бұйымның қызмет мерзімі мен оған кепілдікті міндеттемелердің қолданыс мерзімі бұйым сатылған немесе өндірілген кезден есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаса).

Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 4-ші және 5-ші белгілер айды, 6-шы және 7-ші – құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

0	0	0	1	1	2	2	3	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ..., 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (21 – 2021 ж., 22 – 2022 ж., ... 30 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылғанда, сатып алынған күнінен бастап 3 жыл құрайды.

*Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Қоршаған ортаға қамқорлық білдіріңіз: мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.*





Товар сертифицирован в соответствии с Федеральным законом «О техническом регулировании» и соответствует требованиям Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования», Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 020/2011 «Электромагнитная совместимость технических средств», Технического регламента Евразийского экономического союза «Об ограничении применения опасных веществ в изделиях электротехники и радиоэлектроники» ТР ЕАЭС 037/2016.

Изготовитель: «Чжухай ИнгЧжи Сервис кампани Лимитед», 51900, 100 Хуа Вей Роуд, Чيانь Шань, Сян Чжоу Дистрикт, Чжухай Сити, Китай.

Импортер в России: ООО «ИЛОТ», 198099, г. Санкт-Петербург, ул. Промышленная, д. 38, к. 2, лит. А.

Importer (EU): SIA "SPILVA TRADING", Edoles iela 5, Riga, Latvia, LV1055.

© РЕДМОНД. Все права защищены. 2024

Воспроизведение, передача, распространение, перевод или другая переработка данного документа или любой его части без предварительного письменного разрешения правообладателя запрещены.

**App Store** является знаком обслуживания **Apple Inc.**, зарегистрированным в США и других странах.

**Google Play** является зарегистрированным товарным знаком компании **Google Inc.**

[www.redmond.company](http://www.redmond.company)  
[www.multivarka.pro](http://www.multivarka.pro)  
Made in China

VR1323S-CIS-UM-2